

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Осылайша, кестесі талдау негізінде соңғы бес жылда кейбір көрсеткіштер (дәрігерлер саны) тұрақты болып қалғанымен, басқа көрсеткіштер (орташа өмір сүру ұзақтығы, өлім-жітім коэффициенті) нашарлады, бұл денсаулық сақтау мен жалпы халықтың денсаулығын сақтаудағы жағдайды жақсарту бойынша тиісті шаралар қабылдауды талап етуі мүмкін деген қорытынды жасауға болады. Қорытындылай келе, денсаулық сақтау саласындағы проблемаларды шешу бойынша белсенді жұмыс істеуде, жаңа бағдарламалар мен бастамаларды енгізуде, бірақ проблеманы толық шешу үшін қаржыландыру көлемін ұлғайту, медициналық кадрларды оқыту сапасын жақсарту және медициналық инфрақұрылымды жаңғырту қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. [Электронды ресурс] – URL: <https://data.worldbank.org/> (дата обращения: 19.03.2023).
2. [Электронды ресурс] – URL: <https://stat.gov.kz/> (дата обращения: 19.03.2023).
3. [Электронды ресурс] – URL: <https://www.who.int/> (дата обращения: 20.03.2023).

УДК 339.51

ЭЛЕКТР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫНДАҒЫ АДАМИ КАПИТАЛДЫҢ РӨЛІ МЕН МАҢЫЗЫ

Бөпетай Гүлдана

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қаласы, Қазақстан

bopetayguldana@gmail.com

Ғылыми жетекшісі – Азатбек Т. А.

Мақала өзекті мәселеге – электр энергетикасы саласындағы адами капиталдың рөлі, кадрлық әлеуетін зерделеуге негізделген. Жаһандық энергетикалық секторды жаңғырту мен инновациялық дамытудың қажетті шарты сала кәсіпорындарының кадрлық және ғылыми әлеуетін нығайту болып табылады. Кадрлық әлеует энергетика саласын дамытудың қажетті шарты болып табылады. Қазіргі таңда елімізде электр энергиясын пайдалану деңгейінің күрт жоғарылап кетуі мәселе болып отыр. Бұл жағдай біздің болашақтағы энергияға деген қажеттілігімізді өтеуге қауіп төндіруі әбден мүмкін. Сондықтан бұл мәселе еліміз үшін өте маңызды. Мамандар бұл мәселені шешуі үшін әр түрлі іс-шаралар жүргізу үстінде. Бұл мәселені ғаламдық мәселе деңгейінде де қарастыруға болады. Осы мәселемен қатар саланың өзінде де біршама жетіспеушіліктер бар. Соның ішінде ең маңыздысы бұл кадрлық әлеует, саладағы адами капитал болып табылады. Автор мақалада саладағы кадрлық әлеуетті ұлғайтуға сонымен қатар салаға мамандарды тартуға деген өз ұсыныстарын негіздейді[1].

Ең заманауи зертханалық жабдықтарды, ақпараттық-есептеу және оқу-техникалық және бағдарламалық жүйелерді жоғары білікті оқытушылар құрамынсыз тиімді пайдалану мүмкін емес. Мұндай кадрларды дайындау және сақтау бүгінгі таңда еліміздің техникалық жоғары оқу орындары үшін үлкен мәселе болып отыр.

Электр қуаты нарығының қатысушылары жүйелік оператор, бірыңғай сатып алушы, энергия өндіруші ұйымдар, қуат нарығын тұтынушылар, орталықтандырылған сауда-саттық нарығының операторы болып табылады[2].

Қазақстанда электр энергиясын өндіруді әртүрлі меншік нысанындағы 158 электр станциясы жүзеге асырады. 1996 жылдан бастап «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы» АҚ бүкіл энергетикалық жүйенің бірыңғай жүйелік операторы болып белгіленді.


Елімізде көптеген жылу, су, күн, жел электр станциялары бар. Осы электр станцияларының барлығын толығымен кадрмен қамтамасыз ету үшін білікті мамандар қажет. Сондай-ақ 2022 жылы Қазақстанда атом электр станциясын (АЭС) салу жоспарланған болатын. Қазақстанда атом электр станциясын салу тек энергетикалық қауіпсіздік мәселесі емес, сонымен қатар әлеуметтік, саяси, экономикалық мәселе болып отыр.

Электр энергетикасы саласының мамандарын өңірде Оңтүстік, Батыс, Орталық аймақтарда дайындайды. Соның ішінде ірілері: Сатбаев университеті, Ақтөбе байланыс және электротехника колледжі, Алматы байланыс және энергетика университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қарағанды мемлекеттік индустриалды университеті және Оңтүстік Қазақстан М. Ауезов атындағы университет [3].


Қазақстанда басқа шет мемлекеттермен салыстырғанда электр қуатының бағасы өте төмен. Осы себептен де жұмысшыларды жалақысы төмен. Электр қуатының арзан болуының бірден бір себебі бұл құрал-жабдықтардың тозуы. Ал оларды ауыстыру үшін өте көп мөлшерде қаржы қажетті болады. Ал біздің елдегі электр қуаты тарифтері ондай мөлшерде құрал-жабдықтарды жаңартуға жеткіліксіз. Сонымен қатар электр қуаты нарығындағы тарифтер бойынша күрестің нәтижесі станциялардағы ақаулардың жиілігіне алып келіп соғады. Бұл әрине құлдырау болмаса да, сенімділікті төмендетеді, ал сенімділіктің төмендеуі – апаттардың болуының жоғарылауы. Мәселенің барлығы осында. Сенімділікті жоғарылату үшін қаржы қажет, қаржыны тұрақты түрде жұмсау үшін тарифтердің жоғарылауы керек, ал тарифтердің жоғарылауы бұл жалақының өсуі [4].

Жалпы, Қазақстандағы тұрақты жұмыс істейтін электр қызметкерлерінің орташа жалақысы елдегі орташа салааралық деңгейден сәл төмен. Бірақ егер сіз осы мамандық бойынша дұрыс бағытты, жоғары жалақы төлейтін жұмыс берушіні және қолайлы аймақты таңдасаңыз, осы факторлардың кез келгені қаржылық жағдайды жақсы жаққа түбегейлі өзгертеді.

Қазақстандағы электр саласы қызметкерлерінің еңбек нарығындағы жалақысын зерттеу жалақының келесі деңгейлерін көрсетті [5]:



1-кесте. ҚР дағы электр энергетикасы саласындағы қызметкерлердің орташа жалақысы



2-кесте. ҚР аймақтары бойынша электр қызметкерлеріне деген сұраныс

Шешу жолдары және ұсыныстар:

Еңбек нарығында электриктер үшін әрқашан орын бар. Мамандықтың болашағы зор, бос орындар көп. Электр бар болғанша, онымен жұмыс істеп, электрлендіруді жолға қоя алатын мамандар қажет болады.

Қазіргі таңда адами капиталды салаға тартудың ең маңызды мотиваторы бұл – жалақы. Жоғарыда көрсетілген мәліметтерге назар аударсақ, электр қызметкерлерінің орташа жалақы мөлшері еңбек нарығында қанағаттанарлық деңгейде емес.

Біріншіден қызметкерлердің орташа жалақысының деңгейін көтеру. Электр қызметкерлері әрдайым және кез келген салада сұранысқа ие. Осы салаға кадрды көптеп тарту әр саланың дамуы үшін маңызды. Сондықтан бұл қызметкерлердің жалақысын көтеру де маңызды.

Екіншіден қазіргі жаңа технологиялардың күннен күнге дамып, жаңарып жатқан кезеңде мамандарды қайта даярлау өте маңызды. Сондықтан мамандардың біліктілігін арттыруға жіберу, білімдерін арттыру курстарын ашу тұрақты түрде жүзеге асып отыруы тиіс.

Үшіншіден осы салаға енетін мамандардың санын ұлғайту. Ал бұл жоғарғы оқу орны, колледждерге тікелей қатысты. Яғни салаға маманды даярлау, осы сала үшін оқуға ынталандыру үшін қажетті шаралар бұл мемлекеттік гранттар санын ұлғайту, түлектермен ынталандыру жұмыстарын жүргізу.

Қазақтарда ертеден қалыптасып қалған түсінік бойынша, мамандық таңдағанда электрик сынды мамандықтарды көп елей бермейді, баса назарды көбірек беделді мамандықтарға аударады. Бірақ та электрик, механик, сантехник секілді мамандар елде өте сұранысқа ие кәсіптер. Сондықтан жас ұрпақты осы маман иесі ретінде тәрбиелеу үшін де түрлі жағдайлар жасау қажет.

Қазақстанда жас техникалық қызметкерлерді университетшілік гранттар жүйесін пайдалана отырып, олардың білім беру және ғылыми қызметін ынталандыру жолымен бірнеше жылдар бойына тарту және ұстап қалу жұмыстары белсенді жүргізілуде.

Университет үшін кадр мәселесін шешу жолдарының бірі – магистральдық компаниялармен, салалық ғылыми-зерттеу институттарымен, кәсіпорындармен және ұйымдармен тығыз қарым-қатынас жасау. Жас қызметкерлерге өздерінің шығармашылық, ғылыми және педагогикалық жұмыстары арқылы университетте белсенді және адал ақша табу мүмкіндігін беру қажет. Ғылыми әзірлемелерден және қосымша білім беру жүйесінен бюджеттен тыс қаражаттың түсуі нәтижесінде жас қызметкерлердің орташа жалақысын арттыруға мүмкіндік туады.

Энергетиктер үшін білім беру процесінің маңызды әлеуметтік-экономикалық әсеріне бірегей жабдыққа, оқу және ғылыми сияқты қашықтықтан қол жеткізуді пайдалану арқылы қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Энергобаланс Казахстана: дефицит электроэнергии и как избежать кризиса [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: https://www.inform.kz/ru/energobalans-kazahstana-deficit-elektroenergii-i-kak-izbezhat-krizisa_a3920150
2. "Электр энергетикасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабынан
3. Кадровый потенциал – необходимое условие развития энергетики [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://energy-polis.ru/2011/939-kadrovyj-potencial-neobxodimoe-usloviye-razvitiya.html>
4. А. Наурызбаев Электроэнергия в Казахстане необоснованно дешевая // Интервью, 2019 г.э
5. Зарплаты электриков в Казахстане [Электрондық ресурс] – Қолжетімділік тәртібі: <https://zarplata-es.com/zarplaty-elektrikov-v-kazakhstan/>

УДК 379.85

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF PILGRIMAGE TOURISM IN BUKHARA

Bakiyeva Sitora Subkhonovna

nafisaziyo@mail.ru

M 9-22MNDT (Management) 1st year master's degree student,

Bukhara engineering-technological institute

Zayavitdinova Nafisa Mukhamedovna

Abstract: Tourism is one of the fastest growing industries. Its development has a positive effect on almost all industries and leads to rapid growth of the country's economy. especially, wide opportunities are being created for the development of pilgrimage tourism.

Key words: tourism, pilgrimage tourism, religious tourism, new tourist route, seven saints, prophet, Sufism

Tourism has become an integral and necessary part of human life since ancient times. Sooner or later, a person feels the need to travel. There are more than 300 types of tourism in the world, which are constantly replenished with types that can satisfy the most diverse desires and needs of tourists. The most important characteristic that determines tourist activities is the free time of a person. A tourist trip should not last at least 24 hours or more than 6 months, which is very important for tourism statistics and the economy of the tourism industry.6

¹Z.B Navruz-zoda, "Concept and specific features of pilgrimage tourism", "Modernization Islamic culture in Bukhara and sustainable development of tourism " International Scientific and Practical conference February 24, 2020, pages 463-465 pages